

А.Ж. Берикболова¹, Г.А. Бекбосынова²

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақстан, Өскемен қ.,

¹e-mail:assel_82@inbox.ru

²e-mail:gulmira_1268@mail.ru

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУДАҒЫ
«ЖАС ЖУРНАЛИСТ» ҮЙІРМЕСІНІҢ РӨЛІ**

Нарық талаптарына сай, өндірісте сапалы БАҚ өнімін әзірлеуге қабілетті маман даярлау – әрбір журналистік білім беретін жоғары оқу орнының басты мақсаты. Ал, осы мақсатты іске асыруда журналистика мамандығының ерекшелігіне қарай, теориялық білімді практикалық біліммен ұштастыра білу аса қажет. Бұған қоса, заман талабына сай, жаңашыл өзіндік әдістермен журналистік білім берудің әдістемесін жетілдіре түсу керек. Осы қажеттіліктерді өтеуден аталған тақырыптың өзектілігі туындайды. Зерттеудің мақсаты – болашақ журналист мамандарды баспасөз, радио, теледидар, интернет сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының салаларында тәжірибелік жұмыстармен айналысуға, ғылым, поэзия бағытында олардың бойында бар шығармашылық дарынын дамытуға негіз болуды көздеген, болашақ журналистердің шығармашылық әлеуетін арттырудағы «Жас журналист» үйірмесінің міндеттері, бағыттары, жеткен жетістіктері, жалпы нәтижелерін жұртшылыққа жалпылау.

Зерттеудің бағыты – журналистиканы оқытудың әдістемесіне арналған. Ал, осы үйірмеде газет шығару, телерадио ақпарат өнімдерін даярлау, блог жұмысын жүргізу – журналистерді даярлаудың сапасына тек оң әсерін ғана бермек.

Зерттеудің методологиялық негізі – Т. Амандосовтың мерзімді басылымдағы жанрлар, олардың түрлері мен ерекшеліктері, М. Барманкуловтың телеақпараттың табиғаты, Н. Омашевтің радиодағы жаңадан пайда болған пішіндердің теориясына қатысты ғылыми көзқарастарынан туындаған.

Түйін сөздер: шығармашылық әлеует, үйірменің бағыттары, журналистиканың жанрлары, телерадио хабар шығару.

A. Zh. Berikbolova¹, G. A. Bekbosynova²

East Kazakhstan State University named after S. Amanzholov, Kazakhstan, Oskemen,

¹e-mail: assel_82@inbox.ru

²e-mail: gulmira_1268@mail.ru

**Increasing the creative potential role of the circle
«Young journalist»**

Training specialists who meet the market requirements and are able to develop high-quality media products in production is the main goal of every journalism University. To achieve this goal, it is necessary to combine theoretical knowledge with practical knowledge, depending on the specifics of the specialty journalism. In addition, it is necessary to improve the methodology of journalistic education that meets modern requirements, using innovative methods. From the compensation of these needs, the relevance of the topic arises. The purpose of the study is to summarize the overall results of the “Zhas journalist” circle, aimed at increasing the creative potential of future journalists, developing creative potential, and developing the creative potential of future journalists. The research area is intended for teaching methods of journalism. In this circle, publishing Newspapers, making TV and radio products, and blogging only have a positive impact on the quality of journalists’ training. Methodological basis of T. Amandosov’s research in the periodical genres, their types and features, M. Barmankulov in the nature of the television apparatus, N. Omashev in relation to the theory of newly emerged forms on radio.

Key words: creative potential, directions of circles, genres of journalism, broadcasting.

А.Ж. Берикболова¹, Г.А. Бекбосынова²

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова, Казахстан, г. Усть-Каменогорск,

¹e-mail: assel_82@inbox.ru

²e-mail: gulmira_1268@mail.ru

Роль кружка «Юный журналист» в повышении творческого потенциала

Подготовка специалистов, соответствующих требованиям рынка, способных разрабатывать качественную продукцию СМИ на производстве, – главная цель каждого вуза. Для реализации этой цели необходимо сочетать теоретические знания с практическими знаниями в зависимости от специфики специальности «Журналистика». Вместе с тем, необходимо совершенствовать методику журналистского образования новаторскими методами, соответствующими современным требованиям. Во внедрении этих потребностей заключается актуальность темы. Цель исследования – изучение и обобщение результатов работы кружка «Жас журналист», нацеленного на повышение творческого потенциала будущих журналистов. Направление исследования – изучение методики преподавания журналистики. В этом кружке выпуск газет, подготовка информационной продукции для телерадио, ведение блога – только позитивно влияют на качество подготовки журналистов. Методологическую основу представляют труды Т. Амандосова по жанровым формам периодических изданий; видам и особенностям телеинформации М. Барманкулова, специфике жанровых форм радиожурналистики Н. Омашева. Ценность данного исследования заключается в возможности реализации основных результатов в практике и методике преподавания журналистики. Практическая значимость результатов работы также отражается в учебных программах, практических заданиях по дисциплинам специализации: газетные жары, телерадиовещание, телерадиожурналистика и др., основанных на стандартах журналистского образования.

Ключевые слова: творческий потенциал, направления кружка, жанры журналистики, телерадиовещание.

Кіріспе

Қоғам қажеттілігін өтеуде кез келген мамандықтың маңызы зор. Сондай халықтың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыруға үлес қосатын мамандар – бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, яғни журналистер. Олай болатыны, қоғамның міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты соған лайықтап, өмірге бейімдеудің жаңа талаптарын іске асыруда журналистердің рөлі айрықша. Соның ішінде «төртінші билік» аталып жүрген журналистиканың қоғам өміріндегі орны, тиімділігі мен пәрменділігін арттыру, уақыт талабына сай, халықтың қажеттілігін өтеуге барынша қабілетті білікті маман даярлау – күн тәртібіндегі өзекті мәселенің бірі. Осы орайда, елімізде БАҚ мамандарын жиырмадан астам жоғары оқу орындары даярлауда. Соның көш-басшылары ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен қоса бірқатар аймақтық университеттер танылып жүр. Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өскемен қаласында да 2001 жылдан бастап, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың Қазақ тілі

және әдебиеті кафедрасы қазақ тілді журналист мамандарын даярлауда. Онда білікті кадрлардың тапшылығы, ақпараттық-техникалық базаның әлсіздігі сияқты қиыншылықтарды жеңуде іздене отырып, кафедра осы жиырма жылға жуық уақыт ішінде бірқатар мамандардың қолына өмірлік жолдама беріп үлгерді. Сол түлектер қалалық, облыстық, республикалық БАҚ-тың түрлі саласында баспасөз, радио, теледидарда абыроймен қызмет етуде.

Нысаны – болашақ журналистердің шығармашылық әлеуетін арттыруда құрылған «Жас журналист» үйірмесі. Журналист мамандарды даярлаудың тиімділігін арттыруда құрылған үйірме жұмысының маңызын ашу, қалыптасу жолдары мен даму бағыттарына талдау жасау, үйірме жұмысын жетілдіруде жаңа медиа технология мүмкіндіктерін пайдаланудың нәтижесін жұртшылыққа жалпылау – мақаланың басты мақсаты. **Міндеттері:**

- жас журналист үйірмесінің сипаты және қалыптасу жолына түсінік беру;
- үйірменің бағыттары мен жетістіктеріне тоқтала отырып талдау жасау;
- үйірме жұмысын ұйымдастырудағы мәселелерді анықтау;
- үйірме жұмысын жетілдіруде жаңа медиа

технология мүмкіндіктерін пайдаланудың нәтижесін жалпылау (үйірме блогы, ондағы категориялардың сипатымен таныстыру).

Әдістері.

Тәжірибе жүзінде жұмыс жүргізіп келе жатқан үйірме жұмысын жүргізуде бақылау, салыстыру, талдау әдістері алынды. **Болжамы:** аталған тақырып аясында жүргізілген зерттеулер журналистиканы оқытудың әдістемесі бағытына өзіндік үлес қосуды мұрат тұтады.

Материал мен әдістер

Журналистерді дұрыс дайындамасақ, оларға дұрыс бағыт-бағдар бермесек, нақтылы өндіріске маман шығара алмасақ, оның елге тигізер пайдасы шамалы. Нарық жағдайында біз бәсекеге қабілетті маман даярлап, білім алушының қажеттілігін қанағаттандырып, сұранысын өтей білуіміз керек. Журналистика мамандығының өз ерекшелігіне байланысты теориялық білімді тәжірибемен ұштастырудың да маңызы зор. БАҚ салаларының қыр-сырын меңгеру, сауатты ақпарат өнімінің мәгінін жаза білуге үйрену, болашақ журналист маман үшін аса қажет. Осы мақсатта ғылыми-педагогикалық ізденістің нәтижесінде 2006 жылдан (Жас

журналист үйірмесі туралы ереже, 2006) бастап Тарих, филология және халықаралық қатынастар факультеті, Қазақ, орыс филологиясы және журналистика кафедрасының жанынан баспасөз, радио, теледидар, ғылым, поэзия, интернет журналистикасы сияқты шығармашылық бағыттағы «Жас журналист» үйірмесі өз жұмысын жүргізіп келеді. Он жылдық тәжірибеге сай, түрлі әдіс-тәсілдердің негізінде үйірме журналист-студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуда өзінің жемісті нәтижесін көрсетуде. Студенттерге білім беру арнайы оқыту пәндерінен тыс, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, жан-жақты тәрбиелеу, олардың жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін басты орынға қоя отырып, шығармашылық ізденістерін дамытуда үйірменің маңызы айрықша. Биылғы оқу жылында 1-4 курс студенттерінің арасынан 45 студент үйірмеге мүше. Кафедра меңгерушісі бекіткен жылдық жоспарға сай жұмысын жүргізеді. Үйірме алғаш өз жұмысын дәстүрлі БАҚ-тың негізгі салалары баспасөз, радио, теледидар бағытында бастаған болатын, кейін оған білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда ғылым және поэзия бағыты, ал 2011 жылдың мамыр айынан бастап, интернет журналистикасы бағыты іске қосылды. 1-суретте үйірменің бағыттары берілген.



1-сурет. Үйірменің бағыттары

Ғылыми әдіснама. Зерттеу тақырыбы бойынша ұсынылатын болжам – бұл тақырыптағы зерттеу нәтижелері сапалы маман даярлауға септігін тигізеді, журналистік білім беруді табысты нәтижеге жеткізеді. Зерттеу бірнеше кезеңдерді құрайды. Алғаш үйірме өз жұмысын бастағанда дәстүрлі БАҚ салалары баспасөз, радио мен теледидар бағытындағы шығармашылық жұмыстарды қамтыса, жылдар өте келіп, заман талабына сай интернет журналистика саласы сондай-ақ, жекелеген үйірме мүшелерінің табиғи дарынын шыңдауда поэзия және ғылым бағытында білім алушыларды дамытуда жұмысын жалғастырып келеді. Жұмыста үйірмедегі студенттердің жеткен жетістіктерін бақылау мен салыстыру, нәтижені талдау әдістері басшылыққа алынды. Зерттеудің негізгі нәтижелері үйірме мүшелері үйірме жұмысын жүргізе жүріп, газет ісі, ақпарат даярлау, газет дизайнын жасау, кәсіби фотоаппараттың тілін меңгереді, радиода дыбыс жазу, оны монтаждау, дыбысты әрлеуді, теледидарда қысқа ақпарат даярлау, репортаж, ток-шоу, стендап түсіруді, сценарий жазуды тәжірибе жүзінде үйренеді. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары алдында ұлттық идеология, тәуелсіздікті сақтап қалу, ел болашағы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, ұлтаралық келісім, әлеуметтік даму, ізгілікке шақыру, адам құқығына құрметпен қарау сынды бірқатар маңызды міндеттер қойылған. Осы міндеттерді шешуге үйірме де өз үлесін қосуда.

Әдебиеттерге шолу

Үйірме жұмысын жетілдіруде үйірме жетекшілері журналистика теориясына қатысты жаңаша ғылыми көзқарастарды басшылыққа алып, соған сай үйірме мүшелеріне бағыт-бағдар беріп отырады. Журналистика мамандығы – сәт сайын жаңаша ғылыми көзқарастар, жаңалықтардың пайда болып, енгізілуімен ерекше. Болашақ мамандар ол жаңалықтардан құр қалмауы тиіс. Жалпы журналистиканың ең маңызды қызметі – ақпарат тарату. Бұл тұжырымды медиа теоретиктер де растайды: «Журналистиканың негізгі міндеті – азаматтарға қажетті ақпаратты жеткізу» (Bill Kovach and Tom Rosenstiel, 2007: 12). Ал, қазіргі журналистикадағы өнімді жанрлар: қысқа ақпарат, сұқбат, репортаж, мақала, журналистік зерттеу, проблемалық, портреттік очерк, ток-шоу. Аталған жанрлар мен пішіндер журналистика

ғылымымен бірге жасап келеді. Үйірме жетекшілері өз шәкірттеріне аталған ақпарат өнімдерін даярлаудың оңтайлы амалдарын, журналистік әдеп нормаларын меңгеруді бірінші кезекке қояды. Осы орайда жаңаша ғылыми көзқарастарды қамтыған еңбектерді басшылыққа ала отырып, жанрлардың табиғатын меңгертуде. Әсіресе, Кәкен Қамзиннің «Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелену үдерісі» еңбегінің аталған мәселеге қатысты дерегі мол (Қамзин К., 2009). Онда болашақ журналистер қазақ публицистикасының тарихи негіздері, баспасөздегі қазақ публицистикасы, қазақ публицистикасындағы жаңашылдық туралы ғылыми ойларымен танысуда. Публицистика жанрларының ішіндегі күрделісі – талдамалы жанрлар. Сондай-ақ, білім алушыларға талдамалы жанрлардың қоғамдағы орны, талдамалы жанрлардың мәселені сипаттауы, талдамалы жанрлардың түрлері (Қамзин К., 2012) жайында жаңаша теориялық негіз де берілу керек деп санаймыз. Бұған қоса, публицистиканың жалпы табиғаты, оның тарихи негіздері, оның баспасөзде қалыптасуы (Жақып Б., 2007) да қамтылады. Публицистік материалдың тақырыптық түрленісі мәтіннің жариялануында маңызды орынға ие осы орайда ШҚО «Дидар» газетінің даму жолына арналған зерттеу «Тарихи жол» зерттеуінің (Қасымов, 2011) маңызы айрықша. Қалай жақсы репортер болуға болады? Журналистік зерттеу, газет үшін қалай жазу керек? осы сауалдарға «Әмбебап журналист» (Қасымов, 2019) еңбегінде ғылыми негізде жауап алуға болады. Баспасөзден кейін радио (Омашев, 2015) мен телеақпарат табиғаты, ондағы шеберлікке жету, өзіндік қолтаңбаны қалыптастыруға жетелеуде оны танып білуде «Журналист шеберлігін қалыптастыру» (Қабылғазы, 2012) еңбегі басшылыққа алынады. Бұған қоса, телевизия жұмысындағы жаңалық, хикаялар, деректі фильмдер мен оқиғалар, телевизиялық фильмдердің құрылымы мен табиғаты жайында шетелдік зерттеушілердің тұжырымдары назардан тыс қалмайды (Ellis, 1999: 56). Жанрларды жазып, жарияламас бұрын сақтық шаралары, журналистік этика талаптарын білу де аса маңызды. Журналистік этикаға қатысты Ли Энн Пек және Гай С. Рилдің редакторлығымен жарық көрген еңбек кәсіби қабілет пен біліктілікті арттыруға көмектесе алады. Атап айтқанда, болашақ мамандарға этикалық шешім қабылдауға септігін тигізетін кейбір теориялармен, кодекстермен танысу,

моральдық даму, оның шешім қабылдауға әсері, теориядан тәжірибеге өтуге жетелейді (Ли Энн Пек, 2018). Сонымен қатар, журналистің кәсіби әдебіне қатысты басты құжат ҚР БАҚ туралы заңы, ондағы журналистік жауапкершілік, оның құқықтары мен міндеттері үнемі назардан тыс қалған емес (ҚР БАҚ туралы заң, 1999). Журналистік этика оның өзекті мәселелері туралы шетелдік зерттеушілердің ғылыми көзқарастары да басшылыққа алынады (Elliott Deni, 2001). Үйірме мүшелерінің жалпы медиа теориясы туралы сауатын арттыруда, жетекші теоретиктер мен практик мамандардың еңбегіне негізделген, жаңа медиа теорияларына сүйенген, теорияны практикамен ұштастырудың маңызын алға қоятын (Бейнбриж, 2019) зерттеуінің де орны бөлек. «Әлем өте күрделі, біліктілігі жоғары маманды талап ететін салалар дамып келеді. Жалпылама тақырыппен жұмыс істейтін тілшінің дағдысы енді аздық етеді, әр саланың қыр-сыры мен күрделі құрылымын түсінетін өз маманы керек. Олар сол күрделі дүниені аудиторияға түсінікті тілмен жеткізуге тиіс» (Tapsall & Varley, 2001) деген пікірді ойға алсақ, салалық журналистер сұранысқа ие болары анық. Үйірме мүшелерінің спорттық журналистика, балалар басылымдарының тілдік стильдік ерекшеліктеріне қызығушылық танытып жүргендерін айта кету орынды. Блог журналистикасы, оның қыры мен сырына қанық болуда бірқатар зерттеу еңбектері бар (Әлімжанова, 2016). Оның әсіресе, блогтық журналистика оқу құралының үйірме блогын жүргізу, ондағы категориялар, жалпы блогтың сыртқы келбетімен жұмысты жандандыруда маңызы зор.

Нәтижелер мен талқылаулар. Алдымен **баспасөз бағытының** атқарымдарына келсек (Берікболова, Бекбосынова, 2015:119), апта сайын «Құлақ сал!», «Журналист қаламынан», «Жауқазын жырлар», «Пайдалы кеңестер», «Сіз білесіз бе?» сияқты тұрақты айдарлардан тұратын «Жас журналист» қабырға газетінде болашақ журналистер түрлі ақпарат өнімдерінің мәтінін жазуға ұмтылыс жасайды. Материал жазудағы тақырып тандаудан бастап, оны белгілі бір жанр мен пішін аясына сыйдыруға дейінгі процесті басынан өткереді. Тақырыптық діңгек құрастыру, мәтін жазуда кеңінен қолданыста келе жатқан төңкерілген пирамида әдісін қолданудың маңызын түсінуде. Тақырыптық діңгек – құрастыру материал мазмұнындағы жүйелілікті сақтап қалуда таптырмас әдіс. Ал,

төңкерілген пирамида әдісі алғы сөзден бастап, материалдың соңына дейін ақпарат мәтінін үзбей оқып шығуға оқырманын жетелеп отырады. Газеттегі әрбір ақпарат өнімі өз оқырманының жүрегінен орын алса, журналистің өз міндетін өтеуге талпынғанын көрсетеді. Сондықтан, сапалы ақпарат даярлауға студент кезінен жіті мән беріледі. Үздік жазылған материалдар «Жас жігер», «Имидж ВКГУ», облыстық «Дидар», «Алдаспан», «Меніңөлкем» сынды басылымдарға жариялауға жіберіледі. Әр студент өзін газет жұмысын ұйымдастыруда сынап көреді. 2013 жылдан бастап осы баспасөз бағытының басты жетістігі «Жас жігер» ақпараттық-танымдық айлық газетін шығару қолға алынды. Негізгі авторлары жастар болғандықтан, атауын да «Жас жігер» деп атадық. Түрлі-түсті А4 форматында шығарылатын бұл газетте де «Сөнбес сәуле», «Сұхбат», «Тамшыдан толқынға», «Айтарым бар», «Руханият», «Пайдалы кеңес», «Суреттер сөйлейді» деген тұрақты айдарлар бар. Газеттегі түрлі жанр мен пішіндегі ақпарат ондағы ақпараттық графика, фотошежіре, газет дизайны, барлығы үйірме мүшелері білім алушылардың күшімен шығады. Ақпарат өнімінің сапасын арттыруда қазіргі газет беттерінде сирек кездесетін сатиралық жанрдың бірі – памфлет жанрында материал жазуда сайыстар өткізіліп тұрады. 2011 жылы «Жастар» атты ақпараттық-танымдық журналды шығару жоғарыдағы игі бастамалардың жалғасы ретінде жоспарланып, жарнамалық 1 саны жарық көрді. Дегенмен де журнал ісін жүргізуде қаржы мәселесі бөгет боп тұр.

Университет базасындағы телерадио зертханасы сондай-ақ, 2018 жылы ашылған «Алтай жастары» атты оқыту телерадио кешені, компьютерлік класс, ғаламтор қызметін тегін пайдалану нақты практикалық жағдайға келтірілген шағын редакция рөлін атқаруға мүмкіндік береді. 2007 ж. №9 оқу ғимаратында «Журналистика» мамандығында оқитын студенттер үшін телерадио зертханасы ашылған болатын. Зертханадағы радиодан үйірменің **радио бағыты** бойынша студенттердің қалауымен аптасына бір рет «Жаңалықтар топтамасы», «Ақ тілек» құттықтау-сазды бағдарламасы, айына бір «Поэзия әлемі», «Жас дарын» авторлық бағдарламасын шығару жоспарланған. Алғашқы хабарлары шығып та үлгерді. Биыл Абай Құнанбайұлының шығармашылығын насихаттауға ерекше көңіл бөлінуде. Студенттер радиодағы дыбыстың тазалығы, сөйлеу

техникасы, дауыс сазы, мәнер, шулар, оның маңызы, дыбыс жазу бағдарламаларының тілі сияқты негізгі мәселелерді үйренуге осы бағытқа қатысты тапсырмаларды орындауда қол жеткізуде.

Теледидар бағыты бойынша танымал публицистердің қолтаңбасын танытуды мақсат тұтатын «Сіз білесіз бе?» ток-думаны және ғылыми-танымдық, ағартушылық бағыттағы «Селт еткізер» атты авторлық бағдарламасын шығару арқылы өз жұмысын жүргізеді. Бағдарламаға елімізге белгілі, айтары, көрген, білгені бар, берер тәрбиесі мол аға буын өкілдері, мамандар, әр түрлі сала қызметкерлері мен жастар келіп қатысады. Мақсаты – бағдарламаны даярлап өткізу арқылы студенттердің шығармашылық ізденістерін дамыту. Әдемі салт-дәстүріміз, атадан мұра болып қалған ұлттық құндылықтарымыз бен жәдігерлерімізді насихаттай отырып, айшықты жаңалықтарымызбен көрермен қауымды селт еткізу, қазіргі таңдағы әр түрлі өткір тақырыптарды көтеру. Қала, облыс, республика көлемінде танымал тұлғалар, қоғам, мәдениет қайраткерлері, журналистер, ғалымдармен «Ашық сұхбат» және түрлі тақырыпта «Арнайы репортаж» хабарлары жүргізілуде. Мамандықтың «ютуб» каналында бұл сұхбаттар шартарапқа тарауда. 2019 жылдың қыркүйегінен бастап «Алтай» облыстық телеарнасымен С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың бірлескен жобасы «Алтай жастары» қазақ, орыс тіліндегі ток-шоуы шығарыла бастады. Бұл жобаның мамандарды шыңдауда берері мол болмақ. Себебі, болашақ журналистер телеөнімді даярлаудағы бүтін бір шығармашылық ұжымның жұмысына атсалысуда. Білім алушылар өздерін сценарист, жүргізуші, оператор ретінде шыңдауда.

Осы бағыт бойынша «Жас журналист» үйірмесінің жоспарына сай, сахналық қойылымдар қойылды. Студенттер қилы-қилы образдарды шеберлікпен сомдап, театр қойылымын даярлаудағы сценарий, режиссура, декорация, актерлік шеберліктің негізін меңгеруге қол жеткізді. Мұндай шараны өткізу дәстүрге айналды десе де болады. Үйірме мүшелері алғаш рет 2008 жылы Жамбыл атындағы облыстық драма театрында марқұм Рүстем Есдәулеттің қолдауымен «Алаш» қозғалысының 90 жылдығына орай Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» трагедиясын қойған болатын. 2009 ж. жастардың тілегімен комедиялық қойылым таңдалды. Өзбек

классигі Саид Ахмад пен Асқар Сүлейменовтің (аударған) «Келіндер көтерілісі» комедиясы қойылды. Үйірме мүшелері кәсіби актер болмаса да, «киелі сахнаға» шығып, халықтың ыстық ықыласына бөленіп, өз көрермендерін тауып та үлгерді. Бұдан кейін әр жылдары Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романының желісімен спектакль дайындалды, кейінгі жылдары, Мұхаметқали Хасеновтің «Пай-пай, жас жұбайлар-ай!», Сәкен Жүнісовтің «Қысылғаннан қыз болдым», Айтмұханбет Қасымовтың «Мәңгіліктің бекетінде», Әлібек Қаңтарбаевтың «Армандастар» қойылымдары көрерменге ұсынылды.

Осы бағыттың тағы бір жетістігі – танымал публицистердің әдеби-сазды шығармашылық кештерін облыс көлемінде өткізу. Мәселен, 2013 жылдан бастап Фариза Оңғарсынова, Қалихан Ысқақов, Әлібек Қаңтарбаев, Дидахмет Әшімханов, Айтмұханбет Қасымов сынды публицистердің шығармашылық кештері үйірме мүшелерінің күшімен жоғары деңгейде өтті. Кеш сценарийі, публицистердің өзіндік қолтаңбасын танытатын айтулы шығармаларын оқи отырып, үзінділерінен көркемсөз, сахналық қойылым дайындау сияқты нақтылы тапсырмаларды үйірме мүшелері шығармашылық ізденіспен орындайды. Сондай-ақ, жас ақындардың таңдалған туындыларына бейнебаяндар түсіру қолға алынып отыр. Сәрсен Аманжоловтың шығармашылығынан сыр шертетін «Сегіз қырлы, бір сырлы» атты 15 минуттық бейнеролигі де үйірме мүшелерінің ізденісінен туған.

Үйірменің ғылыми бағытының міндеттері университет, облыс, республикалық деңгейде орындалуда. Студенттер түрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялардың өтуіне белсенді араласып отырады. Белгілі бір тақырып төңірегінде зерттеу жүргізіп, үздік жұмыстар конференция жинақтарында басылып, республикалық сайыстарға жолдама алып, «Ең үздік ғылыми жоба» деп бағалануда. Университетте дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын «Жас талап» жас ғалымдардың ғылыми жобалар сайысында гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша бірінші (2011), (2013), үшінші (2015) жүлделі орындарды иелендік. Алматы қаласындағы «MediaNet» халықаралық журналистика орталығы, журналистердің сөз бостандығын қорғаудағы «Әділ сөз» халықаралық қоғамдық қоры, «Мінбер» қорының, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің «Журналистика» факультетінің ғалымдары

Ғ. Ибраева, Қ.Н. Мысаеваның ұйымдастыруымен өткен семинарларда түрлі тақырыптарда ғылыми баяндама жасалуда.

Поэзия бағыты бойынша үйірме құрамындағы жас ақындар түрлі тақырыптағы қалалық және Шабыт республикалық ақындардың жыр мүшәйрасына, түрлі деңгейдегі ақындар айтысына қатысады, «Сезім тамшылары», «Шыңға талпыныс», «Сен жанбасаң лапылдап» т.б. сияқты жыр жинақтарында үйірме мүшелерінің өлеңдері басылып шықты. Талантты жас дарындар Республика жұртшылығына танылып, түрлі деңгейдегі марапаттарға ие болуда. Мәселен, Ержан Жаубай, Әбу Жарқын, Мұратхан Кенжехан, Қастербек Сайлауғазы, Тәттімбек Асхан, Тасқын Қалибеков, Балауса Қожаева сынды ақындарымызды жыр сүйер қауым тануда. Жас ақындардың таңдаулы өлеңдеріне бейнебаян, шағын роликтер түсіру қолға алынуда.

Үйірменің Интернет журналистикасы бағытының жұмысы 2011 жылдың мамыр айында құрылған Zhaszhurnalist.wordpress.com платформасындағы үйірме блогын ашудан басталды. Бүгін де үйірме жұмысы жылдан жылға дамып келеді. Осы жолдағы ізденістердің бірі жаңа медиа технологияның мүмкіндігін үйірме жұмысын жетілдіру жолында тәжірибеге енгізу болды. Бұл – ұжымдық блог (Берікболова, Бекбосынова, 2016:70). Ал блогтардың мультимедиялығы бойынша: мәтін, фото, видео, аудио өнімнің басын біріктіреді. Ондағы негізгі: «Баспасөз», «Сіз білесіз бе?», «Біздегі бір сәт», «Біздің мақтанышымыз», «Талапкерге» деген категориялар бар. Баспасөз категориясына жоғарыдағы блог жанрларында түрлі тақырыптағы студенттердің материалдары жарияланады. Атап айтқанда қысқа ақпарат, сұхбат, эссе, әңгіме жанрындағы білім алушылардың материалдары жарияланды. «Сіз білесіз бе?» категориясында әлемдегі түрлі қызықты жаңалықтардан шолу беріледі. Біздегі «Бір сәт» категориясында түрлі қоғамдық, мәдени іс-шаралардың фотосуреттері видео, үнхабарлары жарияланады. «Біздің мақтанышымыз» категориясы – үйірменің жетістіктері, үлгілі тұлғалар туралы. «Талапкерге» категориясы келешекте С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-ды таңдаған талапкерлерге мәлімет беруде жұмыс жүргізеді. Сондай-ақ, блог арқылы ШҚМУ ақпараттық порталына, үздік республикалық басылымдар мен пайдалы блогтарға сілтеме арқылы кіруге мүмкіндік

жасалған. Үйірме блогы жандануда. Бірақ, республикадағы түрлі саяси ахуалға байланысты wordpress.com тұғырнамаcы тұзақталып тұрады, бұл үйірме блогының жұмысын жүргізуге кедергі келтіріп отыр. Жалпы үйірменің барлық келбетімен осы блогтан көріп танысуға болады. Болашақ мамандар жаңа медиа мүмкіндіктерін бұқаралық ақпарат құралдарында қалай пайдалануға болатындығын және жеке блог ашудан бастап, жазба орнату, сурет қою, үнхабар, бейне материал орналастыру, блогтарды көркемдеу, дизайнын жасауды үйренеді. Бұл азаматтық журналистиканың артықшылықтарын көрсетеді. Себебі, кез келген тұлға блог ісін жүргізе білсе, қоғам мүддесі үшін өз азаматтық позициясын таныта алады. Ешбір редактор, корректор, монтажердің көмегінсіз ол белгілі бір ақпарат өнімін жаңа медианың мүмкіндіктерінің арқасында өз блогында жариялай алады. Блогтардан кез келген адам ақпарат мәтінін оқудан бастап, үнхабарды тыңдау, бейне материал көру мүмкіндігіне ие болады. Осылайша болашақ журналистер азаматтық журналистиканың дамуына өз үлестерін қосуда. Сонымен бірге, Altai jastary атты «ютуб» каналында үйірме мүшелерінің даярлаған материалдары жариялануда. Алдағы уақытта ШҚО журналистикасының көрнекті өкілдері туралы роликтер даярланбақ.

Қазіргі журналистиканың өнімді бағыты фотожурналистикадан үйірме мүшелері де құр алақан емес, «Көктем», «Күз суреттері» т.б. түрлі тақырыпта фотосессия ұйымдастыру да фотожурналистиканы меңгеруге негіз болып отыр. Бұл фотоаппаратпен жұмыс, бақылау әдісін, фотомонтаж бағдарламасын меңгеруге септігін тигізеді. «Киелі Алтай» фотоблогтурына үйірме мүшелері өз үлесін қосуда. Фотөнер қоғамының Шығыстағы филиалы «Шығыс фотоөнерімен» бірлескен фото көрмелерге қатысуда. Мәселен, 2 курс студенті Әбенғазиева Ельназдың көрмеге ұсынған жұмысы жүлделі 2 орынға ие болды.

«Жас журналист» үйірмесінің жетекшілері шәкірттерін мәтін жазу, дыбыс жазу, экран тілінің элементтерімен жұмыс жүргізуге тәрбиелеп қана қоймай, «Алтай» телеарнасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің «Журналистика» факультетімен, облыстық «Дидар» газеті ұжымымен, Алматы қаласындағы «MediaNet» халықаралық журналистика орталығы, журналистердің сөз бостандығын қорғаудағы «Әділ сөз»

халықаралық қоғамдық қорымен шығармашылық байланысты ұстанады, үйірме мүшелерінің шығармашылық әлеуетін дамытудағы түрлі тақырыптағы семинар-тренингтерге қатысып тұрады. Мысалы, қазақ тілді БАҚ тәжірибесіне жаңа медиа технологияларды енгізудің жай-күйі, медиалық құқық, медиасауаттылық, дата журналистика бағытындағы семинар-тренингтер үйірме мүшелерінің жаңа журналистік бағыттар, ақпарат берудің оңтайлы әдіс-амалдары, құқықтық сауаттылық турасында біліктілігін арттыруға себепші болуда. Бұл – семинарлардың болашақ журналистерге берері мол. Әр минуты қымбат. Осы семинарларға қатыса жүріп үйірме жетекшілері «Журналист және қайшылық» тақырыбында оқу-әдістемелік семинарын өткізіп келеді. Онда жыл сайынғы ҚР Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға шолу жасалады. Өңірдегі баспасөз, теледидардағы журналистер шақырылып, олар өз тәжірибелерінде кездескен журналистік қайшылықтарын, одан алған сабақтарын ортаға салады. Қайшылықты жағдай кімнің пайдасына шешілді: журналистің бе, әлде, талап-арыз берушінің бе? осы сұрақтарға жауап алынды. Үйірме мүшелері әлеуметтік мәселені көтере отырып, проблемалық мақала, журналистік зерттеу жүргізудің қыр-сырына қанық болады. Шындықты жаза білу – журналистің жеке жауапкершілігіне, кәсіби біліктілігіне, шеберлігіне тікелей байланысты. Осы жолдағы ізденіс, міндет әр журналиске студент кезінен жүктеледі. Қайшылықты жағдай ондағы көңіл-күй, дағдарысқа түсудің алдын алу мақсатында психолог кеңесі де беріледі. Бұл семинарды ұйымдастырып, өткізу барысында студенттер республикалық БАҚ өкілдеріне сауалнама жүргізіп, олар кездескен қайшылықты жағдайлар, кәсібінде кездескен даулы оқиғалар, олардың шешімін табу, таппау жағдайын білу мақсатында сауалнама жүргізіп, оның нәтижесін семинар қатысушыларына жеткізеді.

Қорытынды

Сонымен, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ – дағы «Жас журналист» үйірмесі:

– өзіндік ерекшелікке бай түрлі БАҚ саласы үшін маман даярлауда зор үлес қосуда;

– әуе толқынына тарайтын «Жас журналист» теле және радиожобаларын даярлайтын, монтаждауға қабілетті өндірістік-тәжірибелік радио және телестудия кешенімен жұмыс жүргізе алатын болашақ мамандардың орталығы;

– университет, факультет тарихын бейне және дыбыстық таспада қалдыратын мұрағат қоры болып табылады;

– болашақ кәсіби журналистердің БАҚ материалдарын дайындауы және оны өңдеуі, оқырмандар үшін қызықты да, маңызды ақпараттар беруіне, макеттеу мен безендіру сырларын білуіне, жаңа технологияны меңгеруіне қол жеткізеді.

– «Жас журналист» үйірмесі болашақ журналист мамандарды даярлауда оқу үрдісінде алған теориялық білімді іс жүзінде тәжірибемен ұштастыруға негіз бола алады;

– баспасөз, радио, теледидар, ғылым, поэзия, Интернет журналистикасы бағытында жұмыс жасай отырып «Жас журналист» үйірмесі болашақ журналист мамандардың шығармашылық ізденістерін дамытады;

– түрлі деңгейдегі жоспарлы іс-шараларды жүзеге асыра отырып, үйірме мүшелері ҚР Жастар саясатын дамытуға өз үлесін қосуда;

– жаңа медиа технологияның мүмкіндігі негізінде құрылған Zhaszhurnalist.wordpress.com – үйірме блогы өз жұмысын жүргізе отырып БАҚ материалдарын даярлауда: үйірме мүшелерін кәсіби шыңдайды, азаматтық журналистиканың дамуына үлес қосады;

– тәжірибе мен ізденістің нәтижесінде үйірме жұмысы жылдан жылға дамып келеді, келешегінен көп үміт күтуге болады, соның бірі - үйірменің жеке сайты ашу. Бұл үйірмені ұйымдастыру, үйірме жетекшісімен қоса, үйірмеге мүше болған мамандықтағы студенттердің екі жақты бірлескен ізденісін іс жүзінде нығайтқанда ғана нәтижелі болады. Шығармашылық ізденісті дамытуда үйірменің маңызы айрықша екенін айтқымыз келеді. Үйірменің мақсаты, бағыт-бағдары айқын жасай бермек.

Әдебиеттер

Әлімжанова А.Б. (2016) Блогтық журналистика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. – 112 б.

Берікболова Ә.Ж., Бекбосынова Г.А. (2015) Журналистиканың өзекті мәселелері: оқу құралы. – Өскемен. – 119 б.

- Берікболова Ә.Ж., Бекбосынова Г.А. (2016) Журналист-студенттердің шығармашылық ізденістерін дамытудағы «Жас журналист» үйірмесінің маңызы: әдістемелік оқу құралы. – Өскемен: Берел. – 70 б.
- Бейнбридж Жейсон, Гок Никола, Тайнан Лиз (2018) Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңаша көзқарас. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 592 б.
- Bill Kovach and Tom Rosenstiel (2007) The Elements of Journalism. – New York. – 12 p.
- Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы. (1999) Редакция 14.04.2019 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен
- Жақып Б. (2007) Публицистикалық шығармашылық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті. – 469 б.
- Ellis J. (1999) Television as Working – through. In J. Grisprud (ed.), television and Common Knowledge. – London. – Routledge, 55-70 p.
- Elliott Deni (2001) Handout from Association for Education in Journalism and Mass Communication Media Ethics Division workshop. – Washington
- Қабылғазы К. (2012) Журналист шеберлігін қалыптастыру жолдары. – Алматы: Қазақ университеті. – 155 б.
- Қамзин К. (2009) Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі. – Алматы: Экономика. – 385 б.
- Қамзин К. (2012) Талдамалы журналистика. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 311 б.
- Қарымсақова Р. (2008) Жаз, бірақ ушықтырма! – Алматы. – 30б.
- Қасымов А. (2011) Тарихи жол: ШҚО «Дидар» газетінің даму жолдары. – Өскемен: Шығыс ақпарат. – 231б.
- Ли Эн Пек, Гай С. Рил (2018) Медиа этика. Жас мамандардың тәжірибесінен. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 304 б.
- Омашев Н. (2015) Радиожурналистика негіздері: оқулық. – Алматы: Дәуір. – 356 б.
- Рэндалл Д. (2019) Әмбебап журналист. – Орыс тілінен аударған А. Қасымов. – Өскемен. – 99 б.
- С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың Филология факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының жанындағы «Жас журналист» үйірмесі туралы ереже (2006). – Өскемен
- Tapsall S. & Varley C. (2001) Journalism Theory in Practice. – Melbourne: Oxford University Press, 2001

References

- Alimzhanova A. (2016) B. Blog jurnalistikasy [Blog journalism: a textbook]. – Almaty: Kazakh University. – 112 p.
- Berikbolova V. Zh., Bekbosynova G. A. (2015) Jurnalistikanyн ozekti маселелери [Actual problems of journalism. – Textbook]. – Ust-Kamenogorsk. 119 p.
- Berikbolova V. Zh., Bekbosynova G. A. (2016) Jurnalist-studentterdin shygarmashylyq izdenisterin damytudagy ‘Zhas journalist’ uirmesinin manyzy [The role of the “Zhas journalist” circle in the development of creative searches of student journalists. Methodical manual]. – Ust-Kamenogorsk: Berel. – 70 p.
- Bainbridge Jeison, Gok Nikola, Tynan Lees (2018) Media zhane jurnalistika: teoriya men praktikaga zhanasha kozqaras [Media and journalism: new approaches to theory and practice].- Almaty: National translation Agency. – 592 p.
- Bill Kovach and Tom Rosenstiel (2007) The Elements of Journalism. – New York. – 12p.
- Buqaralyq aqparat quraldarunday turaly Kazakhstan Respublikasynyn 1999 zhylygy 23 shildedegi N 451 Zany (1999) [About mass media the Law of the Republic of Kazakhstan of July 23, 1999 N 451. Revision with changes and additions from 14.04.2019]
- Zhakyp B. (2007) Publisistikanyн shygarmashylyq negizderi [Fundamentals of journalistic creativity]. – Almaty: Kazakh University. – 469 p.
- Ellis J. (1999) Television As Working-through. In J. Grisprud (ed.), television and Common Knowledge. – London. – Routledge, 55-70 p.
- Elliott Deni (2001) Handout from Association for Education in Journalism and Mass Communication Media Ethics Division workshop.- Washington
- Kabylgazy K. (2012) Jurnalist sheberligin qalyptastyru zholdary [Ways of formation of skill of a journalist]. – Almaty: Kazakh University. – 155p.
- Kamzin K. (2009) Qazakh kosemsozi janrlarynyn kemeldenu uderisi [The process of maturity of genres of the Kazakh leader]. - Almaty: Ekonomika. – 385p.
- Kamzin K. (2012) Taldamaly jurnalistika [Analytical journalism].- Almaty: Kazakh University. – 311p.
- Karymsakova R. (2008) Zhaz, biraq ushyqyрма! [Write, but the fur hat!]. – Almaty. – 30p.
- Kasymov A. (2011) Tarihi jol: SHKO ‘Didar’ gazetinin damu joldary [Historical road: ways of development of the newspaper “Didar” of East Kazakhstan region].Ust-Kamenogorsk: Eastern information. – 231p.
- Li En Pek,,Gai C.Ril (2018) Meia etika: zhas mamandardyn tajiribesinen [Media ethics. From the experience of young professionals].- Almaty: National translation Agency. – 304 p.
- Omashev N. (2015) Basics of radio journalism: textbook.- Almaty. – 356 p.
- Randall D. (2019) Ambebap journalist [Universal journalist. – Translation from Russian by A. Kasymov]. – Ust-Kamenogorsk; 99 p.
- S. Amanzholov atyndagy SHQMU – dyn Filologiya fakulteti, Kazakh tili men adebieti kafedrasy zhandyngy ‘Zhas journalist’ uirmesi turaly erezhe (2006) [Regulations on the circle “Young journalist” at the Department of Kazakh language and literature of the faculty of Philology of EKSU S.Amanzholova]. – Ust-Kamenogorsk;
- Tapsall, S. & Varley C. (2001) Journalism Theory in Practice. – Melbourne: Oxford University Press.